



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2023 жылғы 4 мамырдағы
№ ДС-133

Құрметті депутаттар!

«Қазақстанның тарих толқынындағы үздіксіз мемлекеттілігі. XVI-XIX ғасырдағы еуропалық және американдық карталардағы Қазақ мемлекеті» атты географиялық Атлас картасын басып шығаруға қатысты депутаттық сауалыңызға келесіні хабарлаймын.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Мұхит-Ардагер Сыдықназаровтың бұл басылымы тәуелсіз еліміз үшін аса құнды еңбек екені сөзсіз. Осыған орай, Үкімет аталған Атлас картасын мемлекеттік тапсырыспен басып шығаруды пысықтауда.

Бұл ретте Қазақстан Кітапханашылар қауымдастығының ұсыныстарына сәйкес қоғамдық маңызы бар әдебиеттерді басып шығаруда көркем, ғылыми-танымдық, балалар мен жасөспірімдерге арналған әдебиет түрлеріне басымдық беріледі.

Сонымен қатар фотоальбом, кітап-альбомдар көпшілік оқырманға емес, тек кітап көрмелері мен жәрмеңкелерге, салалық зерттеушілерге арналған басылым түріне жататындықтан, сондай-ақ Республикалық бюджеттік комиссия шешіміне сәйкес аталған еңбек жыл соңына дейін 1000 данада басып шығарылады.

Бүгінгі таңда мемлекеттік тапсырыспен басып шығарылған барлық әдебиеттер Қазақстандық ұлттық электрондық кітапхана базасына жүктеліп, кез келген оқырманға мобильді қосымшалар арқылы қолжетімділігі қарастырылған.

Осы орайда, оқырман тарапынан Атлас картасы басылымына сұраныс артқан жағдайда, қайта басып шығару мүмкіндігі қарастырлатын болады.

Аталған мәселе уәкілетті органның бақылауында.

Ә. Смайылов